

«Боранқұл» бобекжайы» ЖБК МҚҚҚ

**«Алма» ертегісі**

(ұйымдастырылған іс-әрекеті)

Откізген: Рахыметоллина А.

қазан айы 2024жыл

Мемлекеттік  
Музыкалық  
Академия

**Білім беру дәғдүсі:** Шыгарманшылық

**Ұйымдастырылған іс-әрекеті:** Мұсіндеу

**Тақырыбы:** «Алма» ертегісі

**Мақсаты:** Балаларды бір-бірін сыйлауга, озара тату болуга, қолындағы барын бөлісіп жеуте, әділдікке баулу. Алманы ермексаз арқылы мұсіндеуғе үйрету. Ұсақ қол қимыл-қозгалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамыту. Достастыққа, бірлесіп жұмыс істей білуге тәрбиелеу.

**Қажетті құрал жабдықтар мен көрнекіліктер:** Балалардың санына қарай үлестірмелі материалдар, алманың суреті, тақтайша, ермексаз, сулық.

**Сөздік жұмыс:** домалақ

Iс-әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс әрекеті	Балалардың іс - әрекеті
<b>Ұйымдастыруши қозғаушы қызмет түрі</b>	Шаттық шенбері Алақанды ашайық, Күннің нұрын алайық. Жүрекке жылу сыйлайық Бір-бірімізге шашайық. Сәлеметсіздер ме апайлар!	Шаттық шенберін айтады
<b>Ұйымдастырушылық-ізденушілік</b>	Педогог балаларға сұрақтар қояды: -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? -Күз мезгілінде табиғатта қандай ерекшеліктер болады? -Күз мезгілінде балалар, көкөністер мен жемістер піседі. Олай болса мен сіздерге жұмбақ жасырып көрейін. <b>Жұмбақ.</b> Әрі қызыл, әрі тәтті, Татқан жанды таңырқатты. - Жарайсындар, балалар, жұмбақтың жауабын дұрыс таптындар. Балалар сендер ертегіні жақсы көресіндер ме? -Алма туралы ертегі білесіздер ме? - Ендеше «Алма» ертегісін зейін қойып, мұқият тыңдаймыз.	Күз Ая-райы салқындейды, ағаштардың жапырақтары сарғайып жерге түседі.  Алма Ия  Балалар ертегіні тыңдаймыз.

### **Сұрак-жауап.**

- Ертегі не туралы?»?
- Алманы кім бірінші көреді?
- Қоянға кім комектеседі?
- Қарға алманы жерге түсіріп алғанда, кім оны ұстап алады?
- Кірпі қоянға алмасын бере ме?
- Кірпі мен қоян дауласып жатқанда кім келеді?

Олай болса балалар біз бүгін алманы мұсіндейміз.

- Алманың пішіні қандай?
- Алманың түсі қандай?
- Алманы жақсы көресіндер ме?

Балалар алманы мұсіндеу үшін біз ең алдымен ұстел басында дұрыс отырамыз, ермексазбен таза, ұқыпты жұмыс істейміз. Ермексазды алып, алақан арасына салып, жұмсартамыз. Енді ермексаз дайын болғанда, алақан арасына салып айналдыра домалатамыз. Бас бармақпен басу арқылы алманың пішінін келтіреміз. Енді жасыл түсті ермексаздың кішкене бөлшегін алып, алақанға салып домалақтаймыз. Тақтайшаға қойып жалпақтау әдісі арқылы сопақша пішінге келтіріп, жапырақтың бейнесін жасаймыз. Жапырақты алманың үстіңгі бөлігіне орналастырамыз. Алмамыз дайын болды.

### **Сергіту сәті.**

#### **«Кел билейік балақай»**

**Д/о: «Түсіне қарай орналастыр»**

Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.

Аю алманы үшке бөліп береді, барлығы достасып тату өмір сүреді.

Домалак

Қызыл, сары, жасыл

Балалар ермексаздан алманы мұсіндейді.

	<b>Шарты:</b> Жемістер мен көкөністерді Түсіне қарай орналастырамыз.	
<b>Жетекші жөндеуші</b>	<p>Бірнеше сұрақ қойып пысықтау.</p> <p>Балалар біз бүгін нені мұсіндедік?</p> <p>Алма қандай пішінде?</p> <p>-Балалар, ертегі не туралы?</p> <p>Жарайсындар!</p> <p>- Алманы қалай мұсіндең шықтындар? Иә. Домалақ қылып жасап бердік.</p> <p>- Балалар, мұсіндеу іс-әрекеті ұнады ма? Оқу қызметіне белсенді қатысқандарың үшін көп рақмет! Сая болындар!</p> <p>Балаларды мадақтайды.</p>	

### **Күтілетін нәтиже:**

**Біледі:** алма жасау үшін ермексазды домалақтайды, яғни алма жасайды;

**Түсінеді:** алманың ерекшеліктерін (пішінін, түсін, салмағын);

**Менгереді:** ермексазды алақанның ортасына салып ырғакты домалақтау дісін;

